

**Педагог-ғалым, химия ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі
Қуанышбаев Толыбек Досайұлын еске алуға арналған
«Жаратылыстану және жаратылыстану-
ғылыми білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы
Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
ҚАРАРЫ**

Конференция қаулы етеді:

1. Жаратылыстану және жаратылыстану-ғылыми білім берудегі заманауи тенденцияларға сәйкес пәнаралық және кешенді бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізуді жетілдіру;
2. Білім беру мекемелерінде жаратылыстану-ғылыми білім беруді дамыту бойынша педагогикалық ұжымдардың қазіргі жағдайда қалыптасқан қызметін мақұлдау;
3. Республикамыздағы университеттерде жаратылыстану ғылымдары мен жаратылыстану-ғылыми білім берудің өзекті мәселелері бойынша Отандық және шетелдік серіктес оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарында комплексті және пәнаралық зерттеулерді қарқынды жүргізу;
4. Еңбек нарығында неғұрлым сұранысқа ие кәсіптер мен мамандықтар бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі қызметті жандандыру;
5. Жұмыс берушілер мен еңбек нарығын кадрлармен қамтамасыз ететін кәсіптік мамандар даярлайтын білім беру мекемелерінің инновациялық бағыттары мен қызмет түрлерін таныстыру үшін бизнес қоғамдастықтармен бірлескен ағартушылық-ақпараттық жұмысты ұйымдастыру, ақпараттық орта құру;
6. Орта және жоғары білім беру мекемелерінің арасындағы түрлі деңгейде жаратылыстану-ғылыми білім беру мәселелері бойынша ынтымақтастықты кеңейту және тәжірибе алмасуды жетілдіру;
7. Жаратылыстану-ғылыми зерттеулердің қазіргі даму тенденциялары мен проблемалары, жаратылыстану-ғылыми білім берудің өзекті мәселелері бойынша ЖОО профессор-оқытушылары мен орта мектеп мұғалімдері арасында семинарлар, шеберлік-сыныптары, ғылыми-зерттеу жұмыстар мен жобалар конкурстарын өткізу арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;
8. Бизнес өкілдерін кадрларды кәсіптік даярлауды бірлесіп қаржыландыруға ынталандыру, білім беру мекемелерімен бірлескен ұйымдар арқылы білім беру бағдарламаларының имиджін қалыптастыру және қолдау.